



050061, Алматы қаласы, Кисловодская көшесі, 34,
тел: +7 (727) 390 34 88, +7 (727) 221 77 95
e-mail: info@istt.kz / www.istt.kz

050061, г. Алматы, ул. Кисловодская, 34,
тел: +7 (727) 390 34 88, +7 (727) 221 77 95
e-mail: info@istt.kz / www.istt.kz

2025 г. «01» қазан № 01-05-07/655

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)

ПРЕСС-РЕЛИЗ

ЕЭК навигациялық пломбаларды қолдана отырып тасымалдарды қадағалауды енгізеді: ҒТТИ "Транзит" АЖ әзірлігі туралы хабарлайды *Шешім 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енеді*

"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС (ҒТТИ), тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ("Транзит" АЖ) ұлттық операторы 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) ЕАЭО-да навигациялық пломбаларды қолдану туралы қабылдаған шешіміне байланысты "Транзит" АЖ технологиялық дайындығы, енгізудің негізгі нәтижелері және масштабтау жоспарлары туралы хабарлайды.

ЕЭК Алқасы Навигациялық пломбаларды қолдану туралы келісімге сәйкес тасымалдарды бақылауды енгізу туралы шешім қабылдады. Шешім "Транзит" АЖ әлеуетін күшейтеді, еуразиялық көлік-логистикалық дәліздердегі бақылау географиясын кеңейтеді, жүк ағындарының ашықтығын арттырады және транзиттің "жасыл дәліздерін" қалыптастыруға ықпал ете отырып, кеден заңнамасын бұзу тәуекелдерін азайтады.

"Транзит" АЖ мақсаты. "Транзит" АЖ тауарлардың заңсыз өткізілуінің жолын кесуге; жолда артық тексерулерді болдырмау есебінен транзиттік тасымалдау уақытын қысқартуға; "сұр" импортты төмендету және салықтардың жиналуын арттыру есебінен бюджеттік келіп түсулердің өсуіне арналған.

ҒТТИ әзірлеуші және ұлттық оператор ретінде көлік құралдары мен пломбаланған жүктердің қозғалыс маршруттарының сәйкестігін бақылауды, сондай-ақ навигациялық пломбалардың тұтастығын бақылауды қамтамасыз етеді. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Кеден органдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлардың әкелінуін, әкетілуін және транзитін бақылау және ЕАЭО ішкі нарығындағы айналым қағидаларын сақтау үшін "Транзит" АЖ пайдаланады.

Технологиялық негіз. Навигациялық пломба - пломбалау элементі мен электрондық блоктан тұратын, спутниктік навигация негізінде жұмыс істейтін

DOC ID KZ92Y3L202500007654554B357



және ЕАЭО құқығының талаптарына сәйкес бақылау объектісі туралы ақпарат беруді қамтамасыз ететін техникалық құрылғы.

Іске асыру жағдайы және ауқымды түрде қолдану жоспарлары. Қазақстанда "Транзит" АЖ кезең-кезеңімен енгізу жүзеге асырылуда. Жүктерді (вагондарды, контейнерлерді, тіркемелерді) пломбалау автомобиль өткізу пункттерінде және теміржол станцияларында жүзеге асырылады. 2025 жылғы тамыздан бастап ҒТТИ пилоттық режимде көлік түрлерінің ерекшелігін, жүктерді өңдеу технологиясын және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияны ескере отырып, пломбаларды салу/алу рәсімдерін пысықтайды. 2026 жылдың ақпан айынан бастап ЕАЭО ішкі шекарасының 15 автопункттерінде, Сыртқы шекараның 11 автопункттерінде және Қазақстан Республикасының 27 жанасу теміржол станцияларында "Транзит" АЖ-н толық ауқымды іске қосу жоспарлануда.

Инвестициялар және ХҚЕС бойынша бағалау. ҒТТИ инвестицияларды "Транзит" АЖ навигациялық пломбалар паркін және инфрақұрылымын кеңейтуге, сондай-ақ ауқымды түрде қолдану қажеттіліктеріне сәйкес "ААШШ" МААЖ - жаңғыртуға дәйекті түрде бағыттайды. 2025 жылғы қыркүйекте ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін "Транзит" АЖ құны туралы 3 460 млн теңге мөлшерінде тәуелсіз бағалаушының қорытындысы алынды.

Қаржы секторымен интеграция. "Транзит" АЖ және "ААШШ" МААЖ деректерінің түйіскен жерінде банктер мен сақтандыру компанияларының: "ақылды сақтандыру", тәуекелдер скорингі, антифрод-талдауы және логистикалық сала үшін ESG-есептілік өнімдерімен сервистерді әзірлеу жоспарлануда. ҒТТИ бизнес-қоғамдастықпен және әлеуетті инвесторлармен ынтымақтастыққа, соның ішінде ҒЗЖ үшін техникалық тапсырмаларды бірлесіп әзірлеуге және ақпараттық жүйелердің дерекқорында жаңа сервистерді дамытуға ашық.

Басшылық түсініктемесі. "ЕАЭО-да навигациялық пломбаларды қолдану - халықаралық тасымалдардың бірыңғай цифрлық кеңістігіне жасалған маңызды қадам. Ұлттық операторлар үшін бұл әріптестермен интеграцияны жеделдету, Еуразияның транзиттік хабы ретіндегі ЕАЭО елдерінің позициясын нығайту және бизнес, банктер мен сақтандыру компаниялары үшін цифрлық сервистер желісін кеңейту мүмкіндігі", - деп атап өтті "ҒТТИ" ЖШС Директоры.

Қоғамдық бақылау. ҒТТИ аумағы мен үй-жайларына бару ҚР 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII ҚРЗ "Қоғамдық бақылау туралы" Заңына сәйкес алдын ала жазбаша келісу арқылы мүмкін.

БАҚ және инвесторлар үшін байланыс. "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050061, Кисловодская к-сі, 34. Тел.: +7 (727) 390-34-88, +7 (727) 221-77-95. E-mail: info@istt.kz | www.istt.kz . Байланыс тұлғасы: Токмурзин Эрнест Маратұлы, Басқарма аппаратының басшысы.

DOC ID KZ92Y3L202500007654554B357

